

Сенімхат

Сенімхат - бір адамның не мекеменің атынан екінші бір адамға тапсырманы орындай алу немесе бір затқа ие болу мүмкіндігінің бар екендігіне сеніп берілетін ісқағазының бір түрі.

1-үлгі. Пәтерді сату туралы

Сенімхат

7 қаңтар 2016 жыл, Алматы қаласы

Мен, Алматы қаласы, Фурманов көшесі, 34 үй тұрғыны, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен 2007 жылы 04 қаңтарда берілген, № 0125478 жеке куәліктің иегері Жармаханов Уәли, Алматы қаласы Фурманов көшесі 34 үй, 35 пәтерде тұратын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен 2010 жылы 19 ақпанда берілген, №02010145 жеке куәлік иегері азамат Өтеимбаев Ринат Көпенұлына, Алматы қаласы, Тұрғыт озал көшесі, 8 үй мекенжайдағы үйімді сатуға сенім білдіремін.

Бұл үшін азамат Өтеимбаев Ринат Көпенұлына менің атымнан:

- өтініш жазуға;
- қажетті құжаттар мен анықтамаларды алуға;
- сатуға қажетті құжаттарды толтыруға;
- оларды мемлекеттік органдарға тіркеуге;
- мүлік иесі ретінде мені салық инспекциясына белгілеуге (тіркеуге);
- осы аталған тапсырмаларды орындауға қатысты барлық іс-әрекеттерге менің орныма қол қою құқығын беремін.

Сенімхат 6 айға беріледі.

7 қаңтар 2014 жыл _____ (қолы)

Осы сенімхатты мен, ҚР Әділет министрлігінің 8 қазан 2001 жылы берілген №0014524 лицензия негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласының "Шоданов" нотариалдық кеңсесінің нотариусы Боқаев Нурит Дилхотұлы 7 қаңтар 2014 жылы куәландырдым. Сенімхатқа менің қатысуым кезінде азамат Жұманшұлы Еркін қол қойды.

Сенім білдірушінің жеке басы анықталды, құқықтық іс-әрекетке қабілеттілігі тексерілді. Сенімхаттың мәтінін нотариус дауыстап оқыды. №14/87 тізбеге тіркелді. 3800 (үш мың сегіз жүз) теңге мемлекеттік салық алынды.

Нотариус Боқаев Нурит Дилхотұлы _____ (Қолы)

(Мөрдiң орны)

2-үлгі. Мұрагерлік істі жүргізу жөнінде

Сенімхат

2016 жыл 10 қазан, Тараз қаласы

Мен, Тараз қаласы, Бәйдібек көшесі, 30 үй, 4 пәтер тұрғыны, ҚР ӘМ 2008 жылы 20 мамырда берген, № 001243578 жеке куәліктің иегері Шонжыбаев Архат Муридинұлы.

Тараз қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 10 үйде тұратын ҚР ӘД 2004 жылы 14 желтоқсанда берген, №0001245896 жеке куәліктің иегері азамат Турдинов Аслан Закенұлының менің туған атам Смағұлов Садықтың қайтыс болуына байланысты одан қалған мүлік 2 бөлмелі пәтерге менің мұрагерлік құқығымды рәсімдеуіне сенім білдіремін.

Бұл үшін мен азамат Турдинов Аслан Закенұлының:

- менің атымнан өтініш жазуға;
- анықтамалар мен құжаттар алуға;
- менің орныма қол қоюға;
- мұрагерлік құқық туралы куәлікті алуына өкілетті етемін.

Сенімхат 2016 жылдың 10 желтоқсанына дейін берілген.

2016 жыл 10 қазан

Қолы _____

Осы сенімхатты мен, ҚР Әділет министрлігімен 15 ақпан 2002 жылы берілген №0050246 лицензия негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласының "Адвокат" нотариалдық кеңсесінің нотариусы Нурайев Асқар Шеденұлы 10 қазан 2016 жылы куәландырдым. Сенімхатқа менің қатысуым кезінде азамат Сабырбаев Тимур қол қойды.

Сенім білдірушінің жеке басы анықталды, құқықтық іс-әрекетке қабілеті тексерілді. Сенімхаттың мәтіні дауыстап оқылды. №204 тізбеге тіркелді. 3800 (үш мың сегіз жүз) теңге мемлекеттік салық алынды.

Нотариус _____

(Қолы) _____

(Мөрдiң орны)

3-үлгі

Сенімхат

15 шілде, 2015 ж. Семей қаласы

Мен, Семей қаласы, Ж.Аймаутов көшесі, 24 үй, 4 пәтердің тұрғыны, 06.04.2005 жылы ҚР ӘМ берген № 000120157 жеке куәліктің иегері Нурғазин Болат Темірұлы.

Семей қаласы, Абай көшесі, 35 үй, 15 пәтердің тұрғыны, 18.01.2010 жылы ҚР ӘМ берген №001243112 жеке куәліктің иегері Нурлаев Дархан Сәкенұлына "ТАУР-К" ЖШС–тің директор қызметін, менің атымнан жүргізуге сенім білдіремін.

Бұл үшін мен Нурлаев Дархан Сәкенұлына:

- менің атымнан қол қоюға,
- банктегі есептерімді пайдалануға,
- тиісті құжаттарды рәсімдеуге,
- келісімшарттар жасауға өкілетті етемін.

Сенімхат 2015 жылдың 16 тамызына дейін берілген.

12.07.2015 ж

Нурғазин Болат Темірұлы _____

Осы сенімхатты мен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 15 сәуірде 2000 жылы берілген №01241231 лицензия негізінде әрекет жасаушы Семей қаласы, "Заң" нотариалдық кеңсесінің нотариусы Абенов Тимур 12 шілде 2015 жылы куәландырдым. Сенімхатқа менің қатысуым кезінде азамат Темірбек Аслан қойды.

Сенім білдірушінің жеке басы анықталды, құқықтық іс-әрекетке қабілеті тексерілді. Сенімхаттың мәтіні дауыстап оқылды. №1234 тізбеге тіркелді. 650 (алты жүз елу) теңге мемлекеттік салық алынды.

Нотариус _____

(Қолы) _____

(Мөрдің орны)

4-үлгі. Бланк түрі

Сенімхат

(сенімхаттың берілген жері және күні жазумен)

Мен, _____ мекенжайында тұратын
азамат(ша) _____ (аты-жөні),
жеке куәлік № _____, жылы _____ (жеке куәлікті берген
орган) берген _____ мекенжайында тұратын
азамат _____ (аты-жөні) _____

меншік құқығы маған тиесілі _____ мекенжайында

орналасқан тұрғын үйді және _____ кв.м. (шаршы метр) көлемдегі жер телімін сыйлауға және өзінің қалауы бойынша бағаға сатуына сеніп тапсырамын. Бұл үшін менің атымнан өтініш беріп, қажетті анықтамалар мен құжаттарды алуға, сату-сатып алу келісім-шартына қол қоюға, сыйлауға, маған тиесілі ақшаларды алуға, шартты жергілікті орындарда тіркеуге, менің орныма қол қоюға және осы тапсырманы орындауға байланысты барлық әрекеттерді жүргізуге құқық беремін.

Сенімхат үш жыл мерзімге берілді.

Осы сенімхатты мен _____,

(нотариалдық кеңсенің атауы, лицензияның № _____, берілген күні)

Нотариусы «__» _____ 20__ ж. растадым.

Сенімхатқа менің қатысуыммен азамат(ша) _____
(аты-жөні) қол қойды.

Жеке басы анықталды, қабілеттілігі тексерілді. Сенімхаттың мәтінін нотариус дауыстап оқыды.

№ _____ тіркемеге тіркелді.

Тариф бойынша: _____ теңге алынды.

Нотариус: _____ (қолы)
(Мөрдің орны)